

"Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі N 105 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 6 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4178. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 08.01.2013 № 6 бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде N 1813 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 19, 608-құжат, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 36 және 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 325 бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықта:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Тексеру жүргізу үшін шығарылған нөмірі мен күнін, тексерілетін органның атауын қамтитын, тексеру тобының жетекшісі мен қатысушыларын, тексеру нысанын және тексеру кезеңін анықтайтын әділет органдарының б ұ й р ы ғ ы ш ы ғ а р ы л а д ы .

Тексеру басталғанға дейін тиісті ақпаратты есепке алу карточкасы толтырылған бұйрық және оның көшірмесі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетіне немесе оның аумақтық органдарында (бұдан әрі - уәкілетті орган) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3999 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 22 желтоқсандағы N 69 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің қызметін тексеруді есепке алу нұсқаулығының талаптарына сәйкес тіркелуге жатады.

Тексерісті уәкілетті органда тексеру жүргізу туралы бұйрық тіркелгеннен кейін әділет органы жүргізеді.";

17-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тексеріс мерзімі ұзартылған, не ол тоқтатылған, жаңартылған, сондай-ақ есептен шығарылған жағдайда (өткізілмеген тексеріс ретінде) тиісті есепке алу карточкасы толтырылады және уәкілетті органға ұсынылады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Тексеру қорытындылары бойынша ол аяқталған сәттен бастап 7 күннен кешіктірмей табылған кемшіліктерді жою және жұмысты жақсарту бойынша нақты нұсқаулары бар екі данада акт жасалады. Бір данасы тексерілген органға жіберіледі, екіншісі әділет органында қалады.

Актіге қол қойылғаннан кейін әрбір тексерілетін объектіге белгіленген үлгідегі талон-қосымша толтырылады және тексеру аяқталғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұсынылады.";

34-тармақта "2001 жылғы 21 мамырдағы N 54" деген сөздер "2002 жылғы 12 маусымдағы N 87" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі